

Шейпингтен ашық Азия чемпионатын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 20 қыркүйек N 145-ө

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 28 қазан-3 қараша кезеңінде Алматы қаласында шейпингтен Азия чемпионатын (бұдан әрі - Чемпионат) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Чемпионатты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының шейпинг федерациясымен келісім бойынша Алматы қаласындағы Республика сарайында Чемпионатты дайындауды және өткізу ді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Чемпионатқа қатысушылардың және ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Чемпионатқа қатысушылар мен ресми адамдар тұратын және жарыс өтетін жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтауды, олардың қауіпсіздігін, Чемпионатқа қатысушы шетелдік азаматтарды Алматы қаласының қонақ үйлерінде тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Алматы қаласының Республика сарайында Чемпионаттың баспасөз орталықтарын халықаралық телефон байланысымен және Интернетке қол жетімділікпен қамтамасыз етсін, Алматы қаласының әуежайында Чемпионатқа қатысушыларды күтіп алу мен шығарып салуға жағдайлар жасасын.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Чемпионатқа дайындықтың және оны өткізудің барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

8. Чемпионатты дайында мен өткізу жөніндегі іс-шараларды

қаржыландыру осы іс-шаралардың орындалуына жауапты тиісті мекемелерге - бағдарламалардың әкімшілеріне 2002 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және соның шегінде, сондай-ақ демеушілік көмекті тарту есебінен жүзеге асырылсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 20 қыркүйектегі
N 145 өкімімен
бекітілген

Шейпингтен ашық Азия чемпионатын дайындау және өткізу
жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
ҚҰРАМЫ

Тұрлыханов - Қазақстан Республикасының
Дәulet Bolatuly Туризм және спорт жөніндегі
агенттігінің төрағасы, төраға

Храпунов - Алматы қаласының әкімі,
Виктор Вячеславович төрағаның орынбасары

Чикина - Қазақстан Республикасы
Нина Владимировна шейпинг федерациясының президенті,
төрағаның орынбасары
(келісім бойынша)

Ивлиев - Халықаралық шейпинг федерациясының
Борис Константинович бас хатшысы, төрағаның орынбасары
(келісім бойынша)

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Қанағатов - Қазақстан Республикасының
Елсияр Баймұхамедұлы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары

Рябченко - Қазақстан Республикасының
Олег Григорьевич Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім Бірінші вице-министрі

Нигматулин - Қазақстан Республикасының
Нұрлан Зайруллаұлы Көлік және коммуникация
вице-министрі

Отто	- Қазақстан Республикасының
Иван Иванович	Ішкі істер вице-министрі
Куанышев	- Қазақстан Республикасының
Дулат Оразбекұлы	Сыртқы істер вице-министрі
Әлімбекова	- Қазақстан Республикасының
Гүлнэр Смәділқызы	Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің экономика және қаржы бөлімінің бастығы
Төкеев	- Қазақстан Республикасы
Серік Адамұлы	Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Штаттық ұлттық командалар мен спортық резерв дирекциясының басшысы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК